

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ САҒАДАТ
НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ
№72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ**

шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммунальдік кәсіпорны

государственное коммунальное предприятие
на праве хозяйственного ведения
**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №72 ИМЕНИ
САГАДАТ НУРМАГАМБЕТОВА
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 1 қыркүйек.

Шымкент қаласы

№ 325

город Шымкент

**«Мектептік психологиялық- педагогикалық
қолдау қызметін құру» туралы**

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру
қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12
қаңтардағы №6 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық-Психологиялық қолдау көрсету жұмысын ұйымдастыру және
орындау мақсатында мына төмендегі мүшелер сайлансын:

1.1 Педагогикалық-Психологиялық қолдау көрсету отырысының төрайымы:
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Жекенова

Педагогикалық-Психологиялық қолдау көрсету отырысының мүшелері:

1.2. Педагог – психолог: К.Д.Бекбосынова, Н.Қуандық

1.3 Әлеуметтік педагог: Сеймұрат Ж

1.4. Арнайы педагог: А.Э.Юсупбекова

1.5. Педагог-логопед: К.Е.Омарбекова, Әбдіқадыр Ә.Б

2. Осыған орай, мектепшілік Педагогикалық-Психологиялық қолдау көрсету
жұмыс жоспарына сәйкес барлық сайланған мүшелеріне іс-шараларды уақытында
тиімді жүргізуді міндеттеймін.

3. Барлық жұмысты бақылауға алуды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Г.С.Жекеноваға жүктеймін.

4. Аталған бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Б.Н.Усманов

Бұйрықпен таныстым:


Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары:

Педагог-психолог:

Әлеуметтік педагог:

Арнайы педагог:

Педагог-логопед:



Г.С.Жекенова

К.Д.Бекбосынова

Сеймұрат Ж

К.Е.Омарбекова

Н.Қуандық

Ә.Б.Әбдіқадыр

Бекітемін
 Мектеп директоры **Б.И.Усманов**
 04.09.2023 жыл



**С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі
 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік ерекше білімді қажет ететін
 балаларға арналған педагогикалық - психологиялық қолдау
 қызметінің жоспары**

№	Қызметтің негізгі бөлімдері мен мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі	Бақылау түрі
	1	2	3	4
Психологиялық – педагогикалық диагностика				
1	Ерекше білімді қажет ететін балаларды медициналық зерттеу	Медициналық қызметкер: Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова	Қыркүйек	Оқушыға медициналық ұсыныс
2	Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық әрекеті мен эмоциялық ерік аясындағы даму деңгейін зерделеу	Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог: Ж.Л.Сеймурат	Қыркүйек	Психологиялық ұсыныс
3	Логопедиялық диагностика: сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды зерделеу	Педагог логопедтер: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр	Қыркүйек	Сөйлеу тілдік карталар
4	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларында мектеп үшін маңызды дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау	Педагог психолог К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог дефектолог А.Э.Юсупбекова Сынып жетекшілер және пән мұғалімдері.	Қыркүйек	Педагогикалық ұсыныс
5	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың әлеуметтік дамуының Диагностикасы	Әлеуметтік педагог: Ж.Л.Сеймурат Сынып жетекшілер	Қыркүйек	Әлеуметтік ұсыныс
6	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың жанұялық тәрбиелену жағдайын зерттеу	Әлеуметтік педагог: Ж.Л.Сеймурат Сынып жетекшілер	Жылына 2 рет	Жанұяның Әлеуметтік көрінісі
7	Оқу үдерісіндегі ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жеке тәсілдерді жүзеге асыру бойынша педагогтарға арналған ұсынымдарды, психологиялық педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын және жанұялық тәрбие бойынша ата-аналарға арналған ұсынымдарды құрастыру	ДОИЖО Г.С.Жекенова	Жылына 2 рет	Психологиялық -педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары
8	Оқушылармен жүргізілетін түзету дамыту жұмысын жүзеге асырудың табыстылығын	Барлық пән мұғалімдері	Тоқсан сайын	Мамандардың бақылауы

	және олардың оқудағы жетістіктерін динамикалық зерттеу			
9	Ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық салыстырмалы қорытындысын бақылау	Педагог психолог К.Д.Бекбосынова; Педагог психолог Н.Т.Қуандық	Мамыр	Психологиялық-педагогикалық ұсыныс. Мониторинг
Арнайы психологиялық – педагогикалық қолдау				
10	Жеке және топтық түзете дамыту сабақтарын жүйелі түрде жүргізу	Педагог психолог: К.Д.Бекбосынова Педагог дефектолог А.Э.Юсупбекова Педагог Логопед К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр	Жыл бойы	Жұмыс құжаттамасы
11	Оқушыларға әрекеттің әртүрлі түрлерінде қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	ДОІЖО Г.С.Жекенова Педагог психолог: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог дефектолог: А.Э.Юсупбекова	Қажеттілігі не қарай	Сұраныс бойынша
12	Ата-аналарға психологиялық педагогикалық кеңес беру (топтық, жеке)	ДОІЖО Г.С.Жекенова Педагог психолог К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог логопед К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог дефектолог А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог Ғ.Жақсылық;	Оқу жылы бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным
13	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтарға топтық, жеке психологиялық-педагогикалық кеңес беру	ДОІЖО Г.С.Жекенова Педагог психолог К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық	Сұранысы бойынша	Ақпараттық материалдар
14	Ерекше білімді қажет ететін балалармен түзету дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау, оны қорытынды педкеңесте талқылау	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Мамыр	Қолдау мамандарының есебі
15	Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне тарту	ДОІЖО Г.С.Жекенова Сынып жетекшілер	Оқу жылы бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным
Психологиялық–педагогикалық және медициналық–педагогикалық ағарту				
16	Жалпы білім беру үдерісіне қатысушыларын Ерекше білім қажет ететін балаларды білім берудің мақсатымен міндеттері туралы ақпараттандыру	ДОІЖО Г.С.Жекенова Сынып жетекшілер	Оқу жылы бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным
17	Жалпы білім беру үдерісіне қатысушылармен лекцияларды оқыту, семинарларын жүргізу	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Жоспар бойынша	Ақпараттық материалдар

18	Жалпы білім беру үдерісіне қатысушылар үшін ерекше білім қажет ететін оқушыларға қатысты толерантты қатынасты қалыптастыру тренингісін, семинарларды өткізу	Психологмұғалім: К.Д.Бекбосынова Әлеуметтік педагог: Ғ.Жақсылық	Жоспар бойынша	Ақпараттық материалдар
19	Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу тәжірибесін зерттеу мақсатында педагогтардың арнайы жалпы білім беру мектептеріне баруын ұйымдастыру	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Жоспар бойынша	Жұмыс құжаттары
20	Ерекше білімді қажет ететін балаларды білім берудің құндылығы мен қағидаларын қоғам деңгейінде түсіндіріп тарату (оқушылар, ата-аналар, қауым, БАҚ)	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Оқу жылы бойы	БАҚ-да жариялау
21	Ерекше білімді қажет ететін балаларды білім беру мәселелері бойынша ғылыми практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысу	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Оқу жылы бойы	Конференция материалдары
Ұйымдық-әдістемелік әрекет				
22	Құжаттаманы тіркеу және жүргізу	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Оқу жылы бойы	Жұмыс құжаттамасы
23	Сабақтарға қатысу	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Сұраныс бойынша	Сабақтардың стенограммасы-мен талдау
24	Педагогикалық-психологиялық колдау комиссиясының отырысы	Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог Ж.Л.Сеймурат Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова	Токсанда 1 рет	Отырыс хаттамасы
25	Қолдау қызметінің есебі	ДОІЖО Г.С.Жекенова	Токсандық Жылдық есеп	Мамандардың есебі

Орындаған:



Г.С.Жекенова

Бекітемін

Мектеп директоры

01.09.2023ж



Б.Н. Урманов

**С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі
2023-2024 оқу жылындағы Ерекше білім беруді қажет ететін
балалармен атқарылатын іс-шаралар жоспары.**

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жағдай жасап, жеке көңіл бөлу жұмыстарын ұйымдастыру, тізімін алу.	Қыркүйек	Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог : Ж.Л.Сеймурат Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова Сынып жетекшілері
2	Психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында бұйрық шығару, жоспар жасау, жалпы ережені бекіту.	Қыркүйек	Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог : Ж.Л.Сеймурат Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова Сынып жетекшілері

3	Мектептегі түрлі функциядағы даму ерекшеліктері төмен балалармен психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізу. Оқушыларға психологиялық мінездеме дайындау.	Қыркүйек Қазан	Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог: Ж.Л.Сеймурат Сынып жетекшілері Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова
4	Даму ерекшеліктеріне қарай анықталған оқушыларды ПМПК -ға өткізуге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.	Қажеттілігі не қарай	Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Сынып жетекшілері Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова Әлеуметтік педагог: Ж.Л.Сеймурат
5	Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерін арнайы педагогтарды дайындау мақсатында білім беру жүйесіне жана технологиялар педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығына сұраныс беру.	Жыл бойы	Директорының оқу бейінді ісі жөніндегі орынбасары А.А.Усенова. Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С.
6	Ерекше білімді қажет ететін балалардың ата - аналарымен жүйелі түрде кездесулер өткізу, психологиялық кеңестер беру.	Әр тоқсан сайын.	Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова

	Оқушылардың әлеуметтік қажеттіліктеріне қарай		Әлеуметтік педагог : Ж.Л.Сеймурат Сынып жетекшілері Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова
7	«Ерекше» балалармен оң қарым- қатынасты қалыптастыру мақсатында сынып жетекшілері арасында жиналыс, семинар түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру.	Жылына 2 рет	Директордың оқу ісі- жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог : Ж.Л.Сеймурат Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова Сынып жетекшілері
8	Әр сыныпта Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту бойынша толеранттық қарым- қатынасқа тәрбиелеу тақырыбында, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары: Құрманбай Г. Джанобергеновна.Д.Ғ Сынып жетекшілері.
9	Күнгізбелік және күнделікті сабақ жоспарының дұрыс ұйымдастырылуын және жауапты қызметкерлердің жұмыстарының талапқа сай жүргізілуін қадағалау.	Жыл бойы	Директордың оқу ісі- жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С.
10	Оқушылардың әлеуметтік жағдайларына акт жасау, қажеттілігіне қарай қолдау көрсету және жеке картатекасын толтыру.	Жылына 2 рет	Әлеуметтік педагог : Ж.Л.Сеймурат Сынып жетекшілері
11	«Мектеп жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалар» тақырыбында ата- аналар жиналысын өткізу. Мақсаты:	Жылына 2 рет	Оқу ісі - жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Директордың оқу ісі- жөніндегі орынбасары:


	Оқушылардың жеке тұлғалық және әлеуметтік бейімделуіне көмектесу, педагогикалық үдерісті ізгілендірілуін қамтамасыз ету.		Жекенова Г. С. Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Сынып жетекшілері
12	Жылдық қорытынды жасау.	Мамыр	Оқу ісі- жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Директордың оқу ісі- жөніндегі орынбасары: Жекенова Г. С. Педагог - психологтар: К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық Педагог – логопед: К.Е.Омарбекова Ә.Б.Әбдіқадыр Педагог-дефектолог: А.Э.Юсупбекова Әлеуметтік педагог : Медбикелер; Б.Муталиева Ф.К.Джарбакулова Сынып жетекшілері

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:



Г.С. Жекенова

Психологтар:




К.Д.Бекбосынова

Әлеуметтік педагог:



Ж.Л.Сеймурат

Педагог – логопед:



Омарбекова К.Е.




Әбдіқадыр Ә.Б.

Педагог-дефектолог:



А.Э.Юсупбекова

Медбикелер:



Б.Муталиева



Ф.К.Джарбакулова

Келісім
Бастауыш кәсіптік
төрағасы



Бекітемін
Мектеп директоры



**Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі туралы**

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жалпы ережелер

Осы ережелер С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын реттейді. Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әдеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

Қолдау қызмет әрекеті:

1. Мектепке бейімделмеу және оқуда қиындықтары бар мінез- құлқында ауытқуы бар оқушыларды дер кезінде анықтауға;
2. Оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтарын (анықталған сәттен бастап) жеңуге арналған психологиялық-педагогикалық көмекті ерте көрсетуге;
3. Оқушыларды психологиялық - педагогикалық қолдауды білім беру үдеріс жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тиімді дамытумен, әлеуметтендіру, денсаулықтарын сақтау және нығайтумен, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруға;
4. Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағымды жағдайларды құруды есепке ала отырып, білім беру ұйымының дамыту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесуге;
5. Педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениеттілікті) арттыруға;
6. Оқушыларды оқытумен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингілеуді (психологиялық мониторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мектептік құрылымның бір бөлімі болып табылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әртүрлі білім беру деңгейлерінде жүзеге асыратын міндеттері:

1. Мектепке дейінгі білім беру мектепке келуші балалардың дайындығын қамтамасыз ету, дамуындағы ауытқушылықтарды ерте диагностикалау және түзету;
2. Бастауыш мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуметтік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылыққа дамыту;
3. Негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты –мағыналық өзін-өзітанумен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау.
4. Мәселелерімен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірлік дағдыларын қалыптастыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата – анасымен және

- құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;
- Орта мектеп – оқушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдауға білетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

- Баланың қандайда бір даму мәселесін шешуде кешенді, пәнаралық тәсілдеме;
- Білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі;
- Қолдау үдерісін ақпараттық – әдістемелік қамсыздандыру;
- Қолдау әрекетін әлеуметтік - педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);
- Мүмкіндіктергі шектеулі балаларды психологиялық – педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді қатыстыру.

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның психологиялық – педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру. Оқушыларды психологиялық – педагогикалық қолдау қалалық психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңестің тұжырымдамасымен ұсынысының негізінде, сондай-ақ оқушыларды мектебіміздің штаттық мамандарының (педагог -психолог, педагог логопед , педагог дефектолог, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер) диагностикалық тексерулерінің нәтижесінде жүзеге асырылады.

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының бұйрығымен тағайындалған психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы аталған қызметті басқарады. Қызметтің барлық мамандары қолдауы бойынша бірлескен әрекеттерін лауазымдық ережелермен атқарымдық міндеттемелерге сәйкес атқарады. Қызметтің жұмысына пән мұғалімдері, тәрбиешілер, оқушылардың ата-аналары, үйірмелердің (секциялардың) жетекшілері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және басқада қызығушылық танытқан тұлғалар тартылуы мүмкін.

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның психологиялық – педагогикалық қолдау қызметі өзінің жұмысында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы: баланың құқығы туралы БҰҰ конвенциясын, мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ декларациясын, білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы конвенциясын, балаларды қорғау және дамыту, өмір сүруін қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларацияны, ҚР «Білім туралы» заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарымен ұсынымдарын, С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық – педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын» (2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524) және осы ережелерді басшылыққа алады.

Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты: оқушыларды табысты оқытумен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық – педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады. Бұнда қолдау нысаны білім беру үдерісі, ал қолдау мәні – баланы дамыту жағдайы болып табылады.

Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- Тәрбиеленушінің құқығымен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуымен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз

ету, психологиялық - педагогикалық және медициналық – әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;

2. Баланың дамуы мен оқуында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктерімен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;

3. Білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің арасындағы өзара түсіністікпен өзара әрекеттенуді нығайтуға көмектесу;

4. Оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кеңестік ағарту жұмысын жүргізу;

Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметтің барлық мамандарымен бірге, ПМПК-тің тұжырымдамасымен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, оқушыларды оқытумен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік серіктестері мен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

1. Психологиялық – әлеуметтік диагностика – оқушылардың баста дамуындағы ауытқушылықтарды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;

2. Психологиялық түзету жұмысы – оқушылармен түзете дамыту жұмысын жүргізу мен бағдарламаны әзірлеу бойынша педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, педагог логопед, педагог дефектолог, дәрігердің бірлескен жұмысы, әлеуметтік-психологиялық термингілерді, рөлдік ойындарды, білім беру үдерісіне қатысушылардың жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту бойынша педагогикалық ұжыммен ата-аналардың арасындағы топтық дискуссияларды ұйымдастыру және өткізу;

3. Әрбір жастық кезеңде оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке бастық толық құнды дамуына және өзін-өзі тануына жағдай тудыру, сондай-ақ тұлғалық дамуымен зерде дамуында мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алу мақсатындағы білім беру үдерісіне қатысушыларды психологиялық – педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыда ағарту;

4. Білім беру үдерісіне қатысушыларға әртүрлі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік - медициналық мәселелер бойынша әлеуметтік – педагогикалық және психологиялық кеңес беру; өмірдегі қиын жағдайларды жеңу үшін оқушылармен ата-аналарға көмектесу; оқушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру;

5. Ұйымдық – әдістемелік қызмет – ұйымдық – әдістемелік және ғылыми - әдістемелік жұмыстарды (қолдау нәтижелерін талдау және жинақтау, ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдарын өңдеу) жүргізу; тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктер, семинар практикумдер, конференциялардың жұмысына қатысу; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын есепке ала отырып, оларды сауықтыру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; инновациялық әдістерді меңгеру бойынша семинарлар, тренингілер мен кеңес жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу; мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер қорын қалыптастыру; психологиялық – педагогикалық және медициналық – әлеуметтік қолдау бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерттеу.

6. Бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оқу және тәрбиелеу үдерісіндегі әлеуметтік мүмкіндігін, сондай-ақ оқушылардың психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендерге қатысты жауапкершіліктері:

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның ішкі еңбек тәртіп ережелерін және жарғысын, психологиялық – педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бұйрығын және

басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орынды себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау; түзету сабақтары уақытындағы балалардың өмірімен денсаулығы; баланы тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы; баланың құқығымен жеке бастық еркіндігін сақтау; тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы; құжаттаманы жүргізу және оны сақтау; еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өрттен қауіпсіздік ережелерін сақтау. Психологиялық педагогикалық қолдау, оқушылардың жеке тұлғалық және әлеуметтік бейімделуіне көмектесу, педагогикалық үдерістің ізгілендірілуін қамтамасыз ету. Оқуда және жеке тұлғалық дамуында қиындықтары бар оқушыларды ерте анықтау, оқушыларға мектептік қиындықтарды, әлеуметтік- эмоциялық мәселелерді жеңуге психологиялық- педагогикалық көмек көрсету, бұзылған атқарымдарды дамытуға және түзетуге арналған жеке бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру, білім беру субъектісінің дене, психикалық және әлеуметтік саулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдайларды жобалау, мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қолдары бос кезінде өзін-өзі тануға көмектесу, оқушыларға өздерінің қабілеттеріне, бейімділігіне, қызығушылығына, денсаулық жағдайына қарай өз мүмкіндіктерін анықтауға көмектесу білім беру үдерісінің субъектілеріне ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға қатысты толерантты қатынасты, әлеуметтік өзара белсенді әрекеттену қабілетін қалыптастыруға көмектесу; қызметтің ақпараттық-әдістемелік және диагностикалық кешенін дамыту және қалыптастыру.